

6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған Ерекеева Светлана

Журсинбековнаның «Қазақстанның табиғи флорасының коллекциясын қалыптастыру үшін Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу мен оларды in-situ және ex-situ-да сақтау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Ботаникалық бақтар жұмысының маңызды бағыты-дәрілік өсімдіктердің интродукциясы, оның барысында көптеген тәжірибелік және теориялық мәселелер шешіледі. Сол себепті, Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу, олардың перспективті түрлерін Іле Алатауының тау бөктеріндегі аймақта табиғи флора коллекциясын қалыптастыру үшін анықтап, таңдап алынған дәрілік өсімдіктерді учаскесде дақыл ретінде өсіру мақсатында, дәрілік өсімдіктер тұқымдарының зертханалық, далалық өнгіштігін, өсімдіктердің өнімділігін, фенологиялық бақылауларды, интродукцияның табыстылық индексіні анықтау, өсімдік шикізатының экологиялық қауіпсіздігін бағалап зерттеуге арналған С.Ж. Ерекееваның диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады.

2. Диссертацияның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызы.

С.Ж. Ерекеева отандық және шетелдік жұмыстар мен зерттеу әдістері жемісті талқыланатын семинарлар мен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып тұрады. Әр жылғы алынған ғылыми жұмыстардың нәтижелері жыл сайын университеттің «Экология» кафедрасы мен институттың Ғылыми кеңесінде есеп беріліп, және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылды: Орыс ботаникалық қоғамының XIV Съезінде және «Ботаника в современном мире» конференциясында (Махачкала, 2018); «Young People and Agriculture Research» 14-ші халықаралық симпозиумында (Timisoara, 2018); «Проблемы ботаники Южной Сибири и Монголии» – XVIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Барнаул, 2019); Педагогикалық институттың 100 жылдығына арналған «Проблемы экологического образования в XXI веке» атты халықаралық ғылыми конференциясында (Владимир, 2019); «Экология және биоалуантүрлілікті қорғау» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Алматы, 2019); «Экосистемы Центральной Азии: исследование, сохранение, рациональное использование» – XV Убсунур Халықаралық симпозиумында (Кызыл, 2020); «Әуезов оқулары-22: Академик Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымының негізін қалаушы» Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, 2024); «Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын зерттеудегі әлемдік және

ұлттық трендтер» тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Шымкент, 2024).

3. Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі.

С.Ж. Ерекеева зерттеулер жүргізу барысында, отырғызу және тұқым материалдарын жинау бойынша экспедициялық сапарларға тікелей қатысты, ол Бас ботаникалық бақта дәрілік өсімдіктердің коллекциялық учаскесінде интродукциялық зерттеулерді орындап, Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктері бойынша эксперименттік және әдеби деректерді жинауды, талдау мен қорытынды жасауды, нәтижелерді статистикалық өңдеуді, сондай-ақ иллюстрациялар жасауды автор жеке өзі орындады. Ізденуші Испанияның Lleida университетінде және Румынияның «Румыния Королі Михай 1» Тимишоары ауылшаруашылық ғылымдары және ветеринарлық медицина университеті Эразмус+ бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өткен, бұл докторанттың одан әрі халықаралық тәжірибе зерттеу бойынша ғылыми өсуіне ықпал жасады.

4. Қажетті ақпаратты табу дағдыларын бағалау

Диссертация тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың әдебиет көздері жан-жақты зерделенген, талдаудың заманауи аспаптық әдістері қолданылған.

5. Диссертацияда көрсетілген докторанттың белгілі бір білімінің болуы. С.Ж. Ерекееваның диссертациясы жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми дербес жұмыс болып табылады.

6. Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу.

Докторанттың зерттеулерінің негізгі нәтижелері мен қорытындылары ғылыми жарияланымдары, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференциялар мен семинарларда ұсынылды.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 4, халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 9 мақала, Scopus деректер базасына кіретін «Journal of Water and Land Development» журналында 1 мақала жарияланды. Жарияланған мақалаларда орындалған ғылыми еңбектің маңыздылығы мен өзектілігі толық дәріптелген.

7. Қорытынды.

С.Ж. Ерекееваның «Қазақстанның табиғи флорасының коллекциясын қалыптастыру үшін Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу мен оларды in-situ және ex-situ-да сақтау» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысы өзектілігімен, зерттеу көлемімен, жаңалық дәрежесімен, алынған мәліметтердің теориялық және практикалық мәнділігімен, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін біліктілік жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.


Жоғарыда аталғандардың негізінде, С.Ж. Ерекеева 6D060800 - «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі,

а.-ш.ғ.к., ҚазҰАЗУ «Агрономия,

селекция және биотехнология»

кафедрасының профессоры



Б.Р. Сайкенов

Б.Р. Сайкеновтың қолын растаймын

ҚазҰАЗУ бас ғылыми хатшысы,

э.ғ.д., профессор

